


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абенова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203


3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ


Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

1-сызба. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі
«Отан» концептісінің ассоциациясы.



2-сызба. Ағылшын мақал-мәтелдеріндегі
«Отан» концептісінің ассоциациясы



Әдебиеттер

- 1 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Изд. РАН – СпЯ.– 1993. – №2. – С. 3-9.
- 2 Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пособие для студ.высш.учеб.заведений. – 4-е изд., стер. – Москва: Академия, 2010. – 208 с.
- 3 Кубрякова Е.С. В поисках сущности языка. Когнитивные исследования/ Ин-т. языкознания РАН. – М: Знак, 2012. – №1. – 208 с.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
- 5 <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/power>
- 6 Ж. Малайсарин «Қазақ мақал - мәтелдері.-Алматы: «Ана тілі», 2011-184 б
- 7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. II том. жалпы ред.басқ. I. Кеңесбаев.- Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1961 -535б.
- 8 Б.Қалиев Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.- Алматы, 2014 -728 б.
- 9 «Қазақ мақал- мәтелдері». Құраст.және аударған М. Аққозин.-Алматы: Алматыкітап баспасы, 2017-272б .
- 10 Қазақ және әлем тілдері мақал мәтелдері, құраст. Н.А. Ештаева, Б.М. Адамбаева, Б.А. Атабай.- Алматы: Сөздік -словарь,2019 -672 б.
- 11 ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕРІ. Құрастырған Жамалхан Асықова. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2013. – 96 бет.
- 12 A Dictionary of English proverbs by Thomas Preston. - England, London, 1963
- 13 Oxford Dictionary of proverbs by Jennifer Speake. - Oxford England, 1970
- 14 The Book of positive Quotations” by J.Cook. -United States, 1993

А. Абилмажинова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Қазақстан, Астана қ.*
abilmazhinova1983@mail.ru

МЕЙРАМ-ТОЙ АТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (ОТАНДЫҚ, ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Аннотация. Статья посвящена изучению этнокультурных особенностей языковых единиц, связанных с названиями праздника-той. Изучается культура, самобытность, образ жизни, понимание и познание народа через их язык. В статье анализируются научные труды отечественных и зарубежных ученых и этнокультурный аспект праздников-той. Рассматривается связь праздника с лингвокультурологией, этнокультурологией как проявления в этнокультурном сознании казахского народа.

Ключевые слова: праздник, языковая картина мира, мироощущения, лингвокультурология, менталитет.

Abstract. The article is devoted to the study of ethnocultural features of linguistic units associated with the names of the holiday. The culture, identity, way of life, understanding and knowledge of the people through their language are studied. The article analyzes the scientific works of domestic and foreign scientists and the ethnocultural aspect of the

holidays. It is considered the connection of the holiday with linguoculturology, ethnoculturology a manifestations in the ethnocultural development of the Kazakh people.

Keywords: holiday, linguistic worldview, worldview, linguoculturology, mentality.

Мейрам-той – ежелгі заманнан бері мәдениеттің ажырамас элементі, әлеуметтік ортаның тұрақты компоненті, маңызды бөлшегі, көрсеткіші болып табылады. Мейрам-той қоғамдық құбылыс ретінде мәдениеттанушылардың, тарихшылардың, этнографтардың, философтардың, психологтардың және лингвистердің назарын аударды. Әрбір ғылым саласы мейрам-тойды өздерінің зерттеу аспектісінде қарастырды. Э. Сепир «Язык: введение в изучение речи» (1921) еңбегінде «Мейрам-тойлар әрбір қоғамның әлеуметтік және мәдени ерекшелігін бейнелейді», – дейді [1, 230]. Философ, мәдениеттанушы, әдебиеттанушы М.М. Бахтиннің пікірінше, мейрам-тойлар – «адамзат мәдениетінің бастапқы түрі» [2, 7]. Ғалым мейрам-тойларды қоғамды біріктіретін құндылықтар жүйесі ретінде қарастырған.

Мейрам-той атаулары – әлемнің тілдік бейнесін танытатын маңызды тілдік бірлік. Кез келген халықтың ана тілі үлкен рухани құндылыққа ие, ол – ұлттық ойлаудың, ұлттық даналықтың, тапқырлықтың бай тәжірибесі. Әр халықтың тек өзіне ғана тән ешкімге ұқсамайтын дараланған әлемнің тілдік бейнесі болады. Кез келген халық әлемді өзінше көріп біледі және таниды. Әлемнің тілдік бейнесі – әртүрлі тілдік бірліктер түрінде сақталған білімдер жиынтығы. Ол өзінің тасымалдаушыларының бай тарихи кезеңдерін бейнелейді, соның арқасында адам өмірінің тәжірибесі ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Мысалы, «бесіктой» – қазақ халқы үшін отбасы, ұрпақ жалғасы, өмірдің мәнін береді. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Бесіктой – бесікке салар той, нәрестені алғаш бесікке бөлеуге байланысты жасалатын ғұрыптық салтанат. Бесіктой негізінен, тұңғыш балаға жасалынады» [3, 60]. Қазақ халқы үшін «бесік» киелі ұғым болғандықтан «Бесіксіз үйде береке жоқ», – дейді. Ұлттың тілдік бейнесінде «бесік» сөзі: 1. Баланың бесігі – кең дүниенің есігі ретінде; 2. Бесік – атадан балаға, баладан келесі ұрпаққа жалғаса беретін киелі зат ұғымында; 3. Отан, туған жер «Өз елің – алтын бесік», «Ауылым – алтын бесігім» тілдік бірлік ретінде; 4. Тәрбие мағынасында «Бала тәрбиесі – бесіктен», «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» және т.б. тілдік бірлікте қолданылады. Қазақ дәстүрінде бесікті ұрпақтан-ұрпаққа мұраға қалдырған. Тіліміздегі «Төрінде бесік тұрса, төре де бас иеді», «Есік арқалағаннан, бесік арқалаған артық» мақал-мәтелдерінен бесік өсу, өркендеу, ұрпақ жалғасу идеясымен тікелей байланысты ғұрыптық мәні зор ерекше тұрмыстық зат екенін көрінеді.

Мейрам-той қазақ халқының ой-өрісінің жемісі болғандықтан, ұлттық дүниетаныммен байланысты. Әрбір халықтың өзіне тән ұлттық дүниетаным болады. Ұлттық дүниетанымның ерекшеліктері мейрам-той атауларынан, олардың беретін мән-мағынасынан байқалады. Ұлттық дүниетаным – халықтың табиғаттан, қоршаған ортадан тұратын көзқарастары. А.А. Потебня «Мысль и язык» (1892) еңбегінде: «Тіл, ойлаудың түрі ретінде, мейрам-той атаулары белгілі бір оқиғаны ғана емес, бүкіл дүниетанымдық жүйені де жеткізеді», – дейді [4, 212]. Мысалы, қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша, бала бесіктен белі шығып, еңбектеуден өткен соң, аяғын қаз-қаз баса бастайды. Сәби бір жасқа толғанда қадамын нық басып, тез жүріп кетсін деген тілекпен «тұсаукесер» тойы жасалады. «Тұсаукесер – қаз тұрған соң тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым» [5, 200]. Қазақ халқының дүниетанымы бойынша, тұсауы кесілмеген бала сүріншек болады. Қазақ халқының дүниетанымында символдық мағына мән бере отырып, тоқ ішіекпен, көк шөппен, ала жіппен кеседі. Бұлардың әрқайсысының астарында үлкен мән жатыр. Мәселен, бала «малды, жанды, дәулетті болсын» деген оймен баланың тұсауын семіз қойдың тоқ ішегімен кеседі. «Ешкімнің ала жібін аттамасын» деген ниетпен ала жіппен кеседі. Қазақ халқының дүниетанымында «ала жіп» өмірдің ақ пен қарасы және біреудің ала жібін аттамау, яғни жамандық жасамау, адал азамат болу деген дүниетаныммен байланысты. «Көгеріп шыққан шөптей болып қаулап, көбейіп өссін» деген ырыммен көк шөппен кеседі.

Шығыс ойшылдары Махмуд Қашқари мейрамды «Бұқаралық қуаныш пен ойын-сауық күні», Әл-Бируни «Адам өміріндегі маңызды кезең», Омар Хаям «Жұмақты уақыт», – деп

атаған [6]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «мейрам», «той» атауларына мынандай анықтамалар берілген: «Мейрам – зат. Салтанатты той-думан, мереке» [7, 178], «Той – зат. 1. Қуанышты жайға байланысты ел шақырылып өткізілетін ырду-дырдулы жиын, ойын-тамаша; 2. Біреудің не бір нәрсенің құрметіне байланысты өткізілетін салтанатты мереке, мейрам» [8, 161].

«Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» «мейрам» сөзі әртүрлі фонетикалық модификацияларда қарастырылған. Э.В. Севортян: «Алдыңғы дауыссыз сөз формалары (*бейрем, мейрем*) бейрам сатысы арқылы, содан кейін прогрессивті таңдайлық ассимиляция арқылы палатализациялық әсерге ие болуы мүмкін. Екінші буындағы созылыңқы дауысты дыбыс өзбек тіліндегі хорезм говорларының оғыз бөлігінде ғана жазылған (*бейра: м*)» [9, 35].

Ә. Нұрмағанбетовтің «Бес жүз бес сөз» атты кітабында: «той» сөзінің төркінін іздестіріп, тарихына барудың да онша ділгерлігі жоқ сияқты. Өйткені, ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де «той» тұлғалы сөз дәл қазіргі мағынасында қолданылған. Тек қазақ тілінде ғана емес, түрікмен, қырғыз, хакас, тува сияқты басқа да түркі тілдерінде осы тұлға мен мағына сақталған. Іздестіре, зер сала қарағанда мына сияқты мәліметтер де ұшырасып, «той» сөзінің төркіні жөнінде ой салады. Біріншіден, көне түркі жазба ескерткіштерінде «тойдың» біз білетін - шамадан тыс ішіп-жеу мағынасынан басқа, көңіл тоқтатарлық деректің бірі - оның («той» сөзінің) «жиын, топ» ұғымында қолданылуы. Екіншіден, тунгус-маньчжур тобына жататын нанай, негидал, орок, орош, ульч, эвен, эвенкі тілдерінде «төй», «туйу» дыбыс құрамындағы сөздер біздің тіліміздегі «қонақ етіп, сыйлау, құрмет көрсету» мағыналарында жұмсалады. Енді осы тілдік деректерді жинастыра келгенде «тойдың» үш түрлі мағынасына тап болып отырмыз. Біріншісі - қарынды толтыра тамақ ішу. Бұл мағына түркі тілінде қазір де, ерте заманда да қолданылған. Екіншісі - жоғарыда көрсетілген, «жиын, топ». Үшіншісі - тунгус-маньчжур тілдеріндегі - «қонақ ету, сыйлау, құрмет көрсету». Осы үш түрлі мағынаның бәрі қуанышқа арналған мерекеде кездесетінін түсіндіру артық. Онда жиын, топ та бар, онда құрмет көрсете сыйлау басты қағида, онда жиналған топтың қарын толтыра ішіп-жеуге де еркі мол», – дейді [10, 271].

Т.Ф. Извекова «Языковая репрезентация концепта байрам в алтайской культуре» атты мақаласында мейрам-той атаулары туралы былай дейді: «Сөздікте бұл сөздің әртүрлі омонимдік мағыналары келтірілген, бірінші қатарда олар «мереке», «үлкен мереке», «салтанатты мерекенің атауы» дегенді білдіреді. Мысалы, татар тілінде байрам «мерекелеу», қыпшақ құжаттарында «діни мереке» дегенді білдіреді.

Түрікмен тіліндегі екінші мағынасында бұл сөз «мұсылман ай жылының оныншы айының атауы» дегенді білдіреді.

Үшінші мағынада, мысалы, құмық тілінде – «мерекелік», төртінші - гагауз тілінде: «думан-той, ұлан-асыр той», бесіншісінде – «гүлденген (жер)», алтыншысында – еркек немесе әйелдің есімі» [11, 44]. Ал, якут тілінде мейрам-той сөзі «той» лексемасы арқылы білдіріліп, «мейрам, көңілді-күй» деген мағынаны береді [12, 115].

М.А. Слюсаренко «Праздник в культуре и культура праздника в контексте современности» атты мақаласында: «Орыс тілінде мейрам-той сөзі «праздний» сөзі «бос сенделіс» деген сын есімнен шыққан, ол «қолы бос», «бос сенделіс уақыты» дегенді білдіреді. Жапонның «мацури» – мейрам-той сөзі – «құрмет», «ғибадат», «қызмет», «культ», «би» дегенді білдіреді. Ежелгі еврей тіліндегі мейрам-тойдың бастапқы атауы «хагаг» – билеу етістігінен шыққан «хаг» деген сөз болды», – дейді [13, 25]. Зерттеуші оның шығу тегін құрбандық үстелінің айналасындағы би ырғағына сәйкес келетін мерекелік рәсіммен байланыстырады. Бұл рәсім діни мерекелердің рәсімдерін сипаттайтын бізге жеткен ежелгі дереккөздерде жиі айтылады.

Мейрам-той атауларын лингвомәдениеттанумен, этнолингвистикамен байланысты қарастыру маңызды. Қазақ лингвистикасында мейрам-тойды этнолингвистикамен, салт-дәстүрмен байланыстырған ғалым – Е. Жанпейісов. Ғалымның «Қазақ этнолексикасының негіздері» (1971) еңбегінде: «Наурыз мейрамы – көктем мен табиғат жаңаруының,

молшылықтың символы. Қазақ халқы бұл мейрам арқылы табиғаттың құдіретін және береке-бірлікті дәріптейді», – дейді [14, 112].

Академик Ә. Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» (2013) атты үш томдық этнолингвистикалық сөздігінде мейрам-той атауларына түсінік береді. Сөздіктің екінші томында «Ұлттық ойындар мен мейрам тойлар» туралы мәлімет беріледі. Бұл тараушада қазақ тілінің тілдік бірліктеріне тіл мен тарих, тіл мен мәдениет, тіл мен таным, тіл мен этнос тақырыбы аясында талдау жұмыстарын жүргізген. Ә.Қайдар мейрам-той туралы былай дейді: «Қарап отырсаң, қазақ перзенті ұлттық салт-дәстүрі толық сақталған бейбіт те мамыра-жай өмір-тіршілігінде сан алуан той-томалақтың куәгері болады екен. Тіпті оған бағытталған ырым-кәделі қуаныштар «тал бесіктен жер бесікке дейінгі» ғұмырында ғана емес, анасының құрсағында пайда болған («Құрсақ той»), одан дүниеге келіп, алғаш тоңғақ тастаған («Өркен той») сәттерінен басталып, фәни дүниеге кеткеннен кейін де («Ас тойы») жалғаса беретіні белгілі. Осы аралықта қазақ перзенті өзіне тікелей қатысты қанша және қандай той-томалақтың өтетінін өзі білмесе де, халық жадында олар әлі күнге сақталып келеді: «Шілдехана», «Бесік той», «Тұсау кесер тойы», «Атқа мінген той», «Сүндет той» т.т. Олар ата-ана қуанышына, өз қуанышына, ел қуанышына айналып, өзіне тән жол-жоралғы, ырым-кәделермен жалғаса береді. Азаматтың ержету, қызбаланың бойжету, олардың үйлену, күйеуге шығу, перзент көру, өсіп-өнуіне байланысты той-домалақтардың (қыз ұзату, келін түсіруге т.б. құдандылыққа байланысты) сан мен түрі қаншама» [15, 583].

Ғалым Ж. Манкеева «Қазақ тіліндегі мәдени лексика» (1997) және «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» (2008) атты еңбектерінде мейрам-той атауларының ұлттың рухани әлемін қалыптастырудағы рөлін көрсетеді. Мейрам-той атауларын ұлттық болмыспен, тарихпен, мәдениетпен байланыстырады және «Мейрам атаулары – халықтың этникалық болмысының айқын айғағы. Олар мәдениеттің, дәстүрдің және рухани құндылықтардың ажырамас бөлігі», – дейді [16, 87].

Н. Уәли мен Р. Шойбековтің «Қазақ тойының түрлері мен қызметіне этносемантикалық талдау» (2021) атты мақаласында: «Той жасаудың шығу төркіні құрбандық шалып, ата-баба аруағынан қолдау сұрау, сол арқылы аруақтардың, тылсым күштердің зиянды әрекеттерінен сақтану қажеттігі жөніндегі байырғы ұғым-түсініктерге байланысты. Қазақ тұрмысында шілдехана, бесік той, сүндет той, тәрізді басты орын алатын тойлар мен қыз ұзатуға, үйлендіруге қатысты маңызды тойлар, сондай-ақ сабан той, қымызмұрындық, бие ағыту, күйек алу, қырман қандау, шашыратқы беру сияқты іс-шаралар да қауым болып, ұжымдасып атқаратын шаруашылық циклына қатысты үлкенді-кішілі іс-шараларға жатады», – дейді [17, 33]. Мейрам-той ұжымдық іс-шара болғандықтан, татулық пен ұйымдасудың белгісі. Бұл – ынтымақтастықтың ұжымдық санадағы бейнесі. Сондай-ақ, «Көптеген дүниесінде халықтардың ежелден салт-дәстүр келе жатқан жалпыхалықтық сипаттағы той-жиындар, күнтізбелік мейрамдар, ұлттық ойын сауықтар, әралуан қызықты спорт жарыстары көптеп кездеседі. Бұлар тек көңіл көтеретін гедоникалық қана емес, қоғамдағы әлеуметтік жіктер мен топтарға ортақ, олардың бірегейлігіне ұйытқы болатын мәдени әлеуметтік мәнге ие шаралар деп танылады. Діни мазмұндағы мейрамдар да, айтулы күндер де осы сияқты әлеуметтік сипатқа ие шаралар санатына жатады», – дейді [17, 33]. Мейрам-той көтеріңкі көңіл күймен қатар адамның, ұжымның, қоғамның қазіргіше айтқанда, рухани тазару, жаңару, жасару, қуану және демалыс іспетті түсінік береді.

Мейрам-той мәселелері шетелдік ғалымдардың Ф.Х. Хасанова «Лингвокультурологическое поле концепта «Туй» в татарской языковой картине мира» (2008), Ю.А. Фролова «Лингвокультурологическое поля «Праздник» в русском языке в сопоставлении с испанским и английским языками» (2009), Е.В. Мишенькина «Этимологический анализ концепта «праздник» как способ описания языковой картины мира славян» (2011), П. Чеснокова «Лингво-культурологическое особенности русских названий праздников» (2012), Пэй Хайтун «Национальные образы мира: на примере концепта ПРАЗДНИК в китайской и русской лингвокультурах» (2022), А.С. Леонова «Национально-культурный компонент

лингвистического концепта «Праздник»» (2022) және т.б. еңбектерінде тілдік тұрғыдан талдау жасалған.

Қорытындылай келе, қазақ тіл білімінде мейрам-той атаулары (наурыз мейрамы, қымыз-мұрындық, сабантой, үйлену тойы, сүндет той және т.б.) халықтың этномәдени лексикасын құрап, ұлттық рухани мәдениеттен ақпарат береді. Мейрам-той, оған қатысты атаулар этностың болмысын, танымын көрсетіп, рухани мәдениет құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарды бейнелейтін мейрам-той атауларын идиоэтникалық мағынаға ие бірлік ретінде зерттеу, оның тілдік санадағы көріністерін айқындау – қазақ тіл ғылымы үшін маңызды болмақ.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан 2024-2026 ж. қаржыландырылатын АР23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жоба негізінде дайындалды.

Әдебиеттер

1. Сепир Э. Язык: введение в изучение речи. – Нью-Йорк: Харкорт, Брейс, 1921. – С. 230-231.
2. Бахтин М.М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса. – Москва: Худож. лит., 1990. – С. 543.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том / құрастырған: Сүйеркұлова Б., Жанұзақ Т., Жұбаева О. және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
4. Потебня А.А. Мысль и язык. – Харьков: Университетская типография, 1892. – 212 с.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: Малмақов М., Есенова Қ., Хинаят Б және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.
6. Қазақ халқының мейрамдары туралы. <https://el.kz/aza-khal-yny-meyramdary-turaly-23349/>, // 05.11.2015.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. – Алматы: Ғылым, 1983. – 671 б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 9-том. – Алматы: Ғылым, 1986. – 559 б.
9. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. 2-том. – Москва: Наука, 1978. – 349 с.
10. Нұрмағанбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 300 б.
11. Извекова Т.Ф. Языковая репрезентация концепта байрам / жыргал в алтайской культуре // Вестник иркутского государственного лингвистического университета. – 2012. – № 2. – С. 42-47.
12. Прокопьева С.П., Замзаева Т.А. Идиоэтническое в паремиях концепта «праздник» якутского, казахского, турецкого и арабского языков // Российский гуманитарный журнал. – Том 11. – 2022. – №2, С. 113-117.
13. Слюсаренко М.А. Праздник в культуре и культура праздника в контексте современности // Вестник Томский педагогический государственный университет. Выпуск 3(19). Серия гуманитарные науки. 2000. – С.25-30.
14. Жанпейісов Е. Қазақ этнолексикасының негіздері. – Алматы: Ғылым, 1971. – 260 б.
15. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Т.2. – Алматы: Сардар, 2013. – 728 б.
16. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2008. – 356 б.
17. Уәли Н., Шойбеков Р. Қазақ тойының түрлері мен қызметіне этносемантикалық талдау // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – № 2 (135). – Б. 32-39.